

**Выписка из протокола  
заочного заседания Правления акционерного общества  
«Национальный управляющий холдинг «Байтерек»**

г. Астана

№ 13/23

11 апреля 2023 года

Место нахождения Правления акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» (далее – АО «НУХ «Байтерек»): Республика Казахстан, Z05T3E2, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел, здание 55А.

Место проведения заседания Правления АО «НУХ «Байтерек»): Республика Казахстан, Z05T3E2, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел, здание 55А.

**Кворум для принятия решения имеется.**

**Повестка заседания:**

**Вопрос 1. О внесении изменений и дополнений в Устав акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport».**

**По первому вопросу повестки дня:**

в соответствии с пунктами 4, 5 статьи 35, подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 1) пункта 12.2. Устава акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport», подпунктом 2) пункта 74 статьи 11 Устава АО «НУХ «Байтерек», Правление **РЕШИЛО**:

1. Внести в Устав акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport» изменения и дополнения согласно приложению №1 к настоящему протоколу.

2. Наделить Председателя Правления АО «ЭСК «KazakhExport» правом на подписание изменений и дополнений в Устав акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport».

3. Председателю Правления акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport» принять меры, вытекающие из настоящего решения.

4. Настоящее решение является решением Единственного акционера акционерного общества «Экспортная страховая компания «KazakhExport».

*Выписка верна.*

**Секретарь Правления**



**А. Галымжанова**

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамының Басқармасы отырысының  
11 сәуір 2022 жылғы 13 / 23  
хаттамасына № 1 қосымша

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру  
компаниясы» акционерлік қоғамының Жалғыз  
акционерінің 11 сәуір 2022 жылғы 13 / 23  
шешімімен бекітілді

### **«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар**

Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі (№ 37/17) күндізгі отырысының хаттамасы), «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимарат.»

2. Бүкіл мәтін бойынша «даму стратегиясы» деген сөздер «даму жоспары» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 8.1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде төмендегі ақпаратты қоспағанда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу:

талап қойылған күнге депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (акционер бұдан бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

акционердің өтініш берген күніне орындалатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (акционердің өтініш берген күніне дейін үш жылдан астам) қатысты;»

4. 12.2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) артықшылықты сатып алу құқығын қолданбай Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;»;

б)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

мынадай мазмұндағы 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-2) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

6-3) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;»;

7) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау;»;

«10) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;».

5. 13.2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамды дамыту жоспарын айқындау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) Қоғамның іс-шаралар жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;»;

3)-тармақшасы алынып тасталсын;

8)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;»;

10)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс-қызметтің, Қоғам актуарийінің жұмысы туралы есептерді бекіту;»;

16)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ корпоративтік хатшыға сыйлықақы (сыйақы) беру туралы шешім қабылдау;»;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) актуарийді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекке ақы төлеу, сыйақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ актуарийге сыйақы беру туралы шешім қабылдау;»;

20)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды, оның ішінде тәуекелдерді басқару саясатын, тәуекелдер тіркелімін; тәуекелдер картасын; тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын; бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын; тәуекел-тәбетті; тәуекелдің негізгі индикаторларын; тәуекелдер жөніндегі есептерді бекіту;»;

30-2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«30-2) атқарушы органның мүшелерін (Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда), ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, корпоративтік хатшы, комплаенс-қызметті, актуарийді материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;».

6. 13.3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«13.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерге қосымша, Қоғамның Директорлар кеңесі сақтандыру ұйымы ретінде ішкі аудит қызметі, актуарий, аудиторлық ұйым белгілеген Қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі заңнама талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерді қарауға құзыретті.».

7. 14.2-тармақта:

4)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғамның бекітілген іс-шаралар жоспары шеңберінде Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;»;

14)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;»;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) Қоғамның даму жоспарын іске асыру жөніндегі жедел жоспарды бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу.».

8. 14.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14.3. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға, сондай-ақ даму жоспарын, іс-шаралар жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспарды) іске асыруға, Қоғамның жылдық бюджетінің атқарылуын және Қоғам қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қолжетімдікті жүзеге асыруға міндетті;».

9. 17.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17.4. Қазақстан Республикасының Жарғысына және/немесе заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің және/немесе инвесторлардың және/немесе кредиторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпарат Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады (орналастырылады) - [www.kazakhstan.kz](http://www.kazakhstan.kz).».

10. 17.5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«17.5. Жалғыз акционердің Басқарма төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына жіберілген жазбаша талабы бойынша Қоғам оған АҚ

туралы Заңның 80-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.».

14. «Қоғамның ақпаратты ашуы» деген 17-бап мынадай редакциядағы 17.7-тармақпен толықтырылсын:

«17.7. Қоғам мынадай жағдайлардың кемінде біреуі болған:

1) Жалғыз акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған;

2) Жалғыз акционердің құжат беру туралы бірінші талабын Қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, ол соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған;

3) орындалуы Жалғыз акционердің талаппен жүгінген күні жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат қоғам қызметінің (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне жататын;

4) орындалуы тұлғаның Қоғам акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің (тұлға Қоғам акцияларына ие болған күнге дейін он екі айдан астам) өткен кезеңдеріне (бұл норма қоғамға жүгінген күнге дейінгі он екі айдан кейін қоғам акционерлері болған тұлғаларға қолданылады) жататын кезде, осы Жарғының 17.5-тармағында аталған Жалғыз акционердің талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей құжаттардың көшірмесін беруден бас тартуға құқылы.».